

**«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Акционерлерінің
жалпы жиналысының шешімі**

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесінің құрамы туралы

«Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасының 2015 жылғы 27 мамырдағы шешімімен, №22/15 хаттама, бекітілген «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Корпоративтік басқару кодексінің 5 «Директорлар кеңесі мен атқарушы органның тиімділігі» тарауының 5, 6 және 10-тармақтарын назарға ала отырып, «Акционерлік қоғамдар туралы» 2003 жылғы 13 мамырдағы №415-ІІ Қазақстан Республикасы Заңының 36-бабы 1-тармағының 5) тармақшасына, 55-бабының 2 және 3-тармақтарына, 56-бабы 1-тармағына, 2023 жылғы 30 мамырдағы «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Акционерлердің жылдық жалпы жиналысының шешімімен бекітілген (№2/2023 хаттама, №5 мәселе) «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Жарғысы 98-тармағының 10) тармақшасына, 112 және 113 тармақтарына сәйкес ұсынылған материалдарды қарап, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Акционерлерінің жалпы жиналысы былай деп **ШЕШТІ:**

1. 8 (сегіз) адамнан тұратын «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесі келесі құрамда сайлансын:

1) Бердіғұлов Ернат Құдайбергенұлы – «Самұрық-Қазына» АҚ мүдделерін білдіруші;

2) Отыншиев Елжас Мұратұлы – «Самұрық-Қазына» АҚ мүдделерін білдіруші;

3) Қарабалин Ұзақбай Сүлейменұлы – «Самұрық-Қазына» АҚ мүдделерін білдіруші;

4) Мырзағалиев Мағзұм Маратұлы – «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқарма төрағасы;

5) Жұбаев Арманбай Сапарбайұлы – тәуелсіз директор;

6) Арғынғазин Арман Әнуарбекұлы – тәуелсіз директор;

7) Холланд Филип Малкольм – тәуелсіз директор;

8) Сая Найманбайқызы Мыңшәріпова – тәуелсіз директор.

2. Бердіғұлов Ернат Құдайбергенұлы «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы болып сайлансын.

3. «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесінің өкілеттік мерзімі осы шешім қабылданған күннен бастап 3 (үш) жылға белгіленсін.

4. Осы шешімге қосымшаға сәйкес «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесінің сайланатын мүшелеріне төленетін сыйақы және шығыстарын өтеу мөлшері мен шарттары айқындалсын.

5. «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы Бердіғұлов Ернат Құдайбергенұлы белгіленген тәртіппен осы шешімнен туындайтын қажетті шараларды қабылдасын.

**2023 жылғы 14 тамыздағы №4/2023 «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ
Акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысының
«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесінің құрамы туралы»
мәселесі бойынша түсіндірме жазба**

Астана қаласы

2023 ж. « ____ » _____

1. Мақсаты мен міндеті

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ (бұдан әрі – Қоғам) Директорлар кеңесінің сандық құрамын, өкілеттіктер мерзімін айқындау, оның төрағасы мен мүшелерін сайлау және оларға сыйақы мөлшерін айқындау.

2. Экономикалық нәтиже

Қарастырылмаған.

3. Мәселенің қысқаша сипаттамасы

2003 жылғы 13 мамырдағы №451-II «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – **Заң**) 36-бабы 1-тармағының 5) тармақшасына және 55-бабы 2 және 3 тармақтарына, Қоғам Жарғысының 12-бабы 98-тармағының 10) тармақшасына сәйкес Қоғам Акционерлерінің жалпы жиналысының (бұдан әрі – **АЖЖ**) айрықша құзыретіне Қоғам Директорлар кеңесінің мүшелерін сайлау (қайта сайлау) және олардың өкілеттіктерінің мерзімін, директорлар кеңесі мүшелеріне өз міндеттерін атқарғаны үшін сыйақы мен шығыстарды өтеу мөлшерін және төлеу мерзімдерін айқындау жатады.

ДК-нің ағымдағы құрамы Қоғамның барлық дауыс беретін акцияларына иеленетін тұлғаның 2020 жылғы 17 тамыздағы (№30/20 хаттама) шешімімен 3 (үш) жылға өкілеттіктер мерзімімен сайланды (бұдан әрі - **Шешім**). Осылайша, ағымдағы ДК Шешімде көзделген өкілеттік мерзімі 2023 жылғы 16 тамызда аяқталады.

Заңның 55-бабының 1-тармағына сәйкес: *«Директорлар кеңесінің құрамына сайланған адамдар, егер Қазақстан Республикасының заңнамасында және қоғамның жарғысында өзгеше көзделмесе, шектеусіз санда қайта сайлануы мүмкін».*

«Самұрық-Қазына» АҚ (бұдан әрі – **Қор**) Басқармасының 2015 жылғы 27 мамырдағы шешімімен (№22/15 хаттама) бекітілген Қоғамның корпоративтік басқару кодексінің (бұдан әрі - **Кодекс**) 5 «Директорлар кеңесінің және атқарушы органның тиімділігі» тарауының 6-тармағына сәйкес: *«Директорлар кеңесінің мүшелері үш жылға дейінгі мерзімге сайланады, кейіннен қызметтің қанағаттанарлық нәтижелері болған жағдайда тағы үш жылға дейінгі мерзімге қайта сайлануы мүмкін», «Тәуелсіз директор Директорлар кеңесіне тоғыз жылдан астам уақыт қатарынан сайлана алмайды».*

Сондай-ақ Қоғам Жарғысының 112-тармағына сәйкес: *«Директорлар кеңесінің мүшелері 3 жылға дейінгі мерзімге сайланады. Директорлар*

кеңесінің өкілеттік мерзімі акционерлердің жалпы жиналысы Директорлар кеңесінің жаңа құрамын сайлау туралы шешім қабылдаған сәтте аяқталады. Акционерлердің жалпы жиналысы Директорлар кеңесінің барлық немесе жекелеген мүшелерінің өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтатуға құқылы. Кез келген тұлғаның Директорлар кеңесіне қатарынан 6 жылдан астам мерзімге сайлануы Директорлар кеңесінің құрамын сапалы жаңарту қажеттілігін ескере отырып, ерекше қарастыруға жатады. Тәуелсіз директор қатарынан тоғыз жылдан артық Директорлар кеңесіне сайлана алмайды. Ерекше жағдайларда тоғыз жылдан астам мерзімге сайлауға жол беріледі, бұл ретте Директорлар кеңесінің құрамына тәуелсіз директорды сайлау Директорлар кеңесінің осы мүшесін сайлау қажеттілігін және бұл фактордың шешім қабылдау тәуелсіздігіне әсерін егжей-тегжейлі түсіндіре отырып, жыл сайын өткізілуі тиіс». Бұл ретте, ДК төрағасы, тәуелсіз директор К.Д. Уолтон 9 жылдан астам қатарынан ДК құрамында болды.

Сонымен қатар, Кодекске сәйкес: «Директорлар кеңесінің құрамының тәжірибесі, жеке ерекшеліктері және гендерлік құрамы бойынша әртүрлілігін қамтамасыз ету қажет». Кодекске сәйкес, ДК мүшелерінің сыйақы деңгейі ұйымды табысты басқару үшін қажетті деңгейде ДК әрбір мүшесін тарту, сақтау және ынталандыру үшін жеткілікті болуы керек.

Осыны ескере отырып, ДК құрамын жаңарту қажеттілігі туындады.

Заңның 37-бабының 2-тармағына сәйкес акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысы мыналардың бастамасы бойынша шақырылады:

- 1) Директорлар кеңесінің;
- 2) ірі акционердің.

Осыған байланысты 2023 жылғы 13 шілдеде ДК (№15/2023 хаттама, №2 мәселе) 2023 жылғы 14 тамызға «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесінің құрамы туралы» күн тәртібіндегі бір мәселемен көзбе-көз кезектен тыс АЖЖ (бұдан әрі – **АКЖЖ**) шақыру шешімін қабылдады.

Шешіммен көзделген ағымдағы ДК өкілеттіктерінің аяқталу күніне қарамастан – 16.08.2023, Заңның 55-бабының 2-тармағына сәйкес: «Директорлар кеңесінің өкілеттік мерзімі жаңа директорлар кеңесі сайланатын акционерлердің жалпы жиналысын өткізу кезінде аяқталады.» Осылайша, ағымдағы ДК құрамының өкілеттік мерзімі АКЖЖ-ның ДК жаңа құрамын сайлау туралы шешім қабылдаған сәтте, яғни 2023 жылғы 14 тамызда аяқталады.

Сондай-ақ, Заңның 56-бабының 1-тармағына сәйкес: «Директорлар кеңесінің төрағасы, егер қоғамның жарғысында өзгеше көзделмесе, директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы санының көпшілік дауысымен жасырын дауыс беру арқылы оның мүшелері арасынан сайланады.». Бұл ретте ҚМГ Жарғысының 113-тармағына сәйкес: «Директорлар кеңесінің төрағасын акционерлердің жалпы жиналысы сайлайды».

Кодекске сәйкес: «Директорлар кеңесі қабылданған шешімдердің тәуелсіздігін және барлық акционерлерге әділетті қарым-қатынасты қамтамасыз ету үшін жеткілікті мөлшерде тәуелсіз директорларды

қамтиды. Қоғамның Директорлар кеңесіндегі тәуелсіз директорлардың ұсынылатын саны Директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы санының елу пайызына дейін..».

Сондай-ақ, Қор Басқармасының 2023 жылғы 27 шілдедегі (№37/23) хаттама шешімімен Қор АКЖЖ күн тәртібінің мәселесі бойынша Қордың және ҚР Ұлттық банкінің келесі ұстанымын айқындады:

1.1.«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесі мынадай құрамдағы 8 (сегіз) адам санында сайласын:

Бердіғұлов Ернат Құдайбергенұлы – Қор мүдделерін білдіруші;
Отыншиев Елжас Мұратұлы – Қор мүдделерін білдіруші;
Қарабалин Ұзақбай Сүлейменұлы – Қор мүдделерін білдіруші;
Мырзағалиев Мағзұм Маратұлы – Қоғам Басқармасының төрағасы;
Жұбаев Арманбай Сапарбайұлы – тәуелсіз директор;
Арғынғазин Арман Әнуарбекұлы – тәуелсіз директор;
Холланд Филип – тәуелсіз директор;
Мыңшәріпова Сая Найманбайқызы – тәуелсіз директор.

1.2.Бердіғұлов Ернат Құдайбергенұлы «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы болып сайлансын.

1.3.«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесінің өкілеттік мерзімі осы шешім қабылданған күннен бастап 3 (үш) жылға белгіленсін.

1.4.Осы шешімге қосымшаға сәйкес «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесінің сайланатын мүшелеріне төленетін сыйақы және шығыстарын өтеу мөлшері мен шарттары айқындалсын.

2. «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы Бердіғұлов Ернат Құдайбергенұлы белгіленген тәртіппен осы шешімнен туындайтын қажетті шараларды қабылдасын.

Осылайша, жоғарыда аталған шешімге сәйкес, ДК тәуелсіз директорлар саны 50%, ірі акционер өкілдерінің саны - 37,5%, ал тәжірибесі, жеке ерекшеліктері, гендерлік құрамы және жасы бойынша әртүрлілік болады да қамтамасыз етіледі.

Заңның 50-бабы 1-тармағының 2) тармақшасына сәйкес Директорлар кеңесінің мүшелерін сайлау кезінде жинақтамалы дауыс беруді қоспағанда, акционерлердің жалпы жиналысында дауыс беру «бір акция - бір дауыс» қағидаты бойынша жүзеге асырылады. Осыған байланысты АКЖЖ шешім қабылдау жиынтықтамалы дауыс беру арқылы жүзеге асырылады.

Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, АКЖЖ шешімі қабылданған күннен бастап 3 (үш) жыл өкілеттік мерзімімен ДК жаңа құрамын сайлауға, ДК төрағасын сайлауға, сондай-ақ ДК сайланған мүшелеріне сыйақы төлеу және шығыстарын өтеу мөлшері мен шарттарын анықтау ұсынылады.

4. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкестігі

Ұсынылған мәселе бойынша шешім қабылдау Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейді.

5. Негізгі проблемалар, тәуекелдер, шешім қабылдаған немесе қабылдамаған жағдайда ықтимал салдарлар

Аталған мәселе бойынша шешім қабылдау қандай да бір тәуекелдердің туындауына әкеп соқпайды.

**«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар
кеңесінің мүшесі**

_____ **Е. Бердіғұлов**

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесінің мүшелігіне кандидат туралы ақпарат

1. Тегі, аты, әкесінің аты
Арғынгазин Арман Әнуарбекұлы
2. Кандидатты ұсынатын акционердің атауы:
«Самұрық-Қазына» АҚ, кандидат тәуелсіз директор ретінде ұсынылады
3. Білімі туралы мәліметтер (оқу орнының атауы, бітірген күні, алған мамандығы, оның ішінде біліктілігін арттыру туралы):
- 1996 - 2000 жылдары – Boston University School of Management (Бостон қ., АҚШ), «Корпоративтік қаржы» мамандығы бойынша іскерлік әкімшілендіру саласындағы ғылым бакалавры дәрежесі. Деканның тізімі (оқудағы жоғары нәтижелері үшін).
4. «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-қа үлестестілігі туралы мәліметтер:
Жоқ
5. Соңғы үш жылдағы жұмыс орындары және атқарған лауазымдары туралы мәліметтер:
- 2012 - 2020 жылдар - Алматы қаласындағы UBS AG Өкілдігінің басқарушы директоры. UBS Investment Bank өкілі ретінде Қазақстан мен Орталық Азиядағы Инвестициялық банкті қоса алғанда, UBS тобының жалпы өкілдігін жүзеге асырды. Негізгі бағыттар: қарыз капиталы, акционерлік капитал нарықтарында мәмілелерді ұйымдастыру, сондай-ақ біріктіру және қосып алу бойынша мәмілелерді сүйемелдеу және ұйымдастыру.
6. Кандидат ұсынылатын лауазым туралы мәліметтер:
Тәуелсіз директор
7. Кандидаттың «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ үлестес тұлғаларымен қарым-қатынасы туралы мәліметтер:
Жоқ
8. Заңда белгіленген тәртіппен өтелмеген/өтелген соттылығы немесе алынбаған/алынған соттылығы туралы мәліметтер (анықтама), сондай-ақ кандидатты соттың меншікке, экономикалық қызмет саласында немесе коммерциялық немесе өзге де ұйымдарда қызмет мүдделеріне қарсы қылмыстар жасағаны үшін кінәлі деп тануы туралы мәліметтер және көрсетілген қылмыстарды жасағаны үшін Қазақстан Республикасының қылмыстық-процестік кодексіне сәйкес қылмыстық жауаптылықтан босату туралы мәліметтер:
Соттылығы жоқ
9. «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесіне ұсынуға кандидаттың келісімі туралы мәліметтер:
Келісемін
10. «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ акцияларын иеленуі:
Иеленбейді
11. Соңғы бес жылдағы басқа компаниялардың Директорлар кеңестеріндегі мүшелігі туралы мәліметтер:

– 2011 жылдан 2018 жылға дейін - «Тау-Кен Самұрық» ұлттық тау-кен компаниясы» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі - тәуелсіз атқарушы емес директоры;

– 2021 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін - «Кедентранссервис» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі - тәуелсіз атқарушы емес директоры;

- қазіргі уақытта – «Қазақстанның Инвестициялық даму қоры» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі – тәуелсіз директоры.

12. Бұрын акцияларды мәжбүрлеп тарату немесе мәжбүрлеп сатып алу немесе белгіленген тәртіппен банкрот деп танылған басқа заңды тұлғаны консервациялау туралы шешім қабылданғанға дейін бір жылдан аспайтын кезеңде басқа заңды тұлғаның Директорлар кеңесінің төрағасы, бірінші басшысы (атқарушы органның басшысы), басшысының орынбасары, бас бухгалтері болып табылған өткен бес жыл ішінде туралы мәлімет:

Жоқ

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесінің мүшелігіне кандидат туралы ақпарат

1. Тегі, аты, әкесінің аты
Жұбаев Арманбай Сапарбайұлы
2. Кандидатты ұсынатын акционердің атауы:
«Самұрық-Қазына» АҚ, кандидат тәуелсіз директор ретінде ұсынылады
3. Білімі туралы мәліметтер (оқу орнының атауы, бітірген күні, алған мамандығы, оның ішінде біліктілігін арттыру туралы):
 - *1997-1999 жылдар – Дюкейн университеті (Питсбург қ., АҚШ), «Бизнесті басқару» мамандығы бойынша бакалавр дәрежесі (BSBA);*
 - *2002-2003 жылдары – Оксфорд университеті (Ұлыбритания). Салыстырмалы әлеуметтік саясат ғылымдарының магистрі (MSC Comparative Social Policy).*
 - *2005-2007 жылдар – Калифорния Беркли университеті (АҚШ), MBA дәрежесі.*
4. «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-қа үлестестілігі туралы мәліметтер:
Жоқ
5. Соңғы үш жылдағы жұмыс орындары және атқарған лауазымдары туралы мәліметтер:
 - *2020 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін – "StrategyLab" ЖШС консультациялық компаниясының негізін қалаушы.*
6. Кандидат ұсынылатын лауазым туралы мәліметтер:
Тәуелсіз директор
7. Кандидаттың «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ үлестес тұлғаларымен қарым-қатынасы туралы мәліметтер:
Жоқ
8. Заңда белгіленген тәртіппен өтелмеген/өтелген соттылығы немесе алынбаған/алынған соттылығы туралы мәліметтер (анықтама), сондай-ақ кандидатты соттың меншікке, экономикалық қызмет саласында немесе коммерциялық немесе өзге де ұйымдарда қызмет мүдделеріне қарсы қылмыстар жасағаны үшін кінәлі деп тануы туралы мәліметтер және көрсетілген қылмыстарды жасағаны үшін Қазақстан Республикасының қылмыстық-процестік кодексіне сәйкес қылмыстық жауаптылықтан босату туралы мәліметтер:
Соттылығы жоқ
9. Директорлар кеңесіне ұсынуға кандидаттың келісімі туралы мәліметтер:
Келісемін
10. «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ акцияларын иеленуі:
Иеленбейді
11. Соңғы бес жылдағы басқа компаниялардың Директорлар кеңестеріндегі мүшелігі туралы мәліметтер:
 - *«Казатомпром» ҰАК» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі;*
 - *«Казахтелеком» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі;*
 - *«Самрук-Энерго» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі.*

12. Бұрын акцияларды мәжбүрлеп тарату немесе мәжбүрлеп сатып алу немесе белгіленген тәртіппен банкрот деп танылған басқа заңды тұлғаны консервациялау туралы шешім қабылданғанға дейін бір жылдан аспайтын кезеңде басқа заңды тұлғаның Директорлар кеңесінің төрағасы, бірінші басшысы (атқарушы органның басшысы), басшысының орынбасары, бас бухгалтері болып табылған өткен бес жыл ішінде туралы мәлімет:

Жоқ

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесінің мүшелігіне кандидат туралы ақпарат

1. Тегі, аты, әкесінің аты
Бердіғұлов Ернат Құдайбергенұлы
2. Кандидатты ұсынатын акционердің атауы:
«Самұрық-Қазына» АҚ, кандидат «Самұрық-Қазына» АҚ мүдделер өкілі ретінде ұсынылады
3. Білімі туралы мәліметтер (оқу орнының атауы, бітірген күні, алған мамандығы, оның ішінде біліктілігін арттыру туралы):
 - *2007-2010 жылдар – Торонто университеті (Канада), «Мемлекеттік саясат және халықаралық зерттеулер» мамандығы бойынша бакалавр дәрежесі;*
 - *2015-2018 жылдары – Уорик университеті (Ұлыбритания), «Іскерлік әкімшілендіру» мамандығы бойынша магистр дәрежесі;*
 - *2022 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін – Гарвард көшбасшылықты дамыту институты (АҚШ);*
 - *2021 жыл СИМА – «Бизнестің тиімділігін басқару».*
4. «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-қа үлестестілігі туралы мәліметтер:
«Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 64-бабы 1-тармағының 3) тармақшасы негізінде «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ үлестес тұлғасы болып табылады, өйткені ол «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ ірі акционері - «Самұрық-Қазына» АҚ лауазымды тұлғасы болып табылады.
5. Соңғы үш жылдағы жұмыс орындары және атқарған лауазымдары туралы мәліметтер:
 - *2019 жылғы мамыр - 2021 жылғы сәуір – Whiteshield Partners-те жобалар жетекшісі;*
 - *2021 жылғы сәуір - 2022 жылғы қаңтар – «Самұрық-Қазына» АҚ Стратегия, орнықты даму және цифрландыру жөніндегі тең басқарушы директоры;*
 - *2022 жылғы қаңтардан қазіргі уақытқа дейін – «Самұрық-Қазына» АҚ стратегия және активтерді басқару жөніндегі басқарушы директоры.*
6. Кандидат ұсынылатын лауазым туралы мәліметтер:
«Самұрық-Қазына» АҚ мүдделер өкілі
7. Кандидаттың «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ үлестес тұлғаларымен қарым-қатынасы туралы мәліметтер:
Жоқ
8. Заңда белгіленген тәртіппен өтелмеген/өтелген соттылығы немесе алынбаған/алынған соттылығы туралы мәліметтер (анықтама), сондай-ақ кандидатты соттың меншікке, экономикалық қызмет саласында немесе коммерциялық немесе өзге де ұйымдарда қызмет мүдделеріне қарсы қылмыстар жасағаны үшін кінәлі деп тануы туралы мәліметтер және көрсетілген қылмыстарды жасағаны үшін Қазақстан Республикасының қылмыстық-процестік кодексіне сәйкес қылмыстық жауаптылықтан босату туралы мәліметтер:

Соттылығы жоқ

9. Директорлар кеңесіне ұсынуға кандидаттың келісімі туралы мәліметтер:

Келісемін

10. Соңғы бес жылдағы басқа компаниялардың Директорлар кеңестеріндегі мүшелігі туралы мәліметтер:

– «KEGOC» АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы;

– «QazaqGaz» АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы;

- «Казатомпром» ҰАК» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі;

- «Қазақстан Темір Жолы» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі.

11. «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ акцияларын иеленуі:

Иеленбейді

12. Бұрын акцияларды мәжбүрлеп тарату немесе мәжбүрлеп сатып алу немесе белгіленген тәртіппен банкрот деп танылған басқа заңды тұлғаны консервациялау туралы шешім қабылданғанға дейін бір жылдан аспайтын кезеңде басқа заңды тұлғаның Директорлар кеңесінің төрағасы, бірінші басшысы (атқарушы органның басшысы), басшысының орынбасары, бас бухгалтері болып табылған өткен бес жыл ішінде туралы мәлімет:

Жоқ

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесінің мүшелігіне кандидат туралы ақпарат

1. Тегі, аты, әкесінің аты
Холланд Филип Малкольм
2. Кандидатты ұсынатын акционердің атауы:
«Самұрық-Қазына» АҚ, кандидат тәуелсіз директор ретінде ұсынылады
3. Білімі туралы мәліметтер (оқу орнының атауы, бітірген күні, алған мамандығы, оның ішінде біліктілігін арттыру туралы):
 - *Азаматтық құрылыс саласындағы ғылым бакалавры, Лидс университеті, Ұлыбритания*
 - *«Инженерия/құрылысты басқару» мамандығы бойынша ғылым магистрі, Ұлыбританияның Крэнфилд технологиялық институты.*
4. «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-қа үлестестілігі туралы мәліметтер:
Жоқ
5. Соңғы үш жылдағы жұмыс орындары және атқарған лауазымдары туралы мәліметтер:
 - *Төраға, Velocys plc*
 - *Атқарушы емес директор және Қауіпсіздік және тәуекелдер комитетінің төрағасы, Enquest plc.*
6. Кандидат ұсынылатын лауазым туралы мәліметтер:
Тәуелсіз директор
7. Кандидаттың «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ үлестес тұлғаларымен қарым-қатынасы туралы мәліметтер:
Жоқ
8. Заңда белгіленген тәртіппен өтелмеген/өтелген соттылығы немесе алынбаған/алынған соттылығы туралы мәліметтер (анықтама), сондай-ақ кандидатты соттың меншікке, экономикалық қызмет саласында немесе коммерциялық немесе өзге де ұйымдарда қызмет мүдделеріне қарсы қылмыстар жасағаны үшін кінәлі деп тануы туралы мәліметтер және көрсетілген қылмыстарды жасағаны үшін Қазақстан Республикасының қылмыстық-процестік кодексіне сәйкес қылмыстық жауаптылықтан босату туралы мәліметтер:
Соттылығы жоқ
9. «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесіне ұсынуға кандидаттың келісімі туралы мәліметтер:
Келісемін
10. «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ акцияларын иеленуі:
Иеленбейді
11. Соңғы бес жылдағы басқа компаниялардың Директорлар кеңестеріндегі мүшелігі туралы мәліметтер:
 - *Төраға, Velocys plc*
 - *Атқарушы емес директор және Қауіпсіздік және тәуекелдер комитетінің төрағасы, Enquest plc.*

- 2022 - қазіргі уақытқа дейін – «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі.

12. Бұрын акцияларды мәжбүрлеп тарату немесе мәжбүрлеп сатып алу немесе белгіленген тәртіппен банкрот деп танылған басқа заңды тұлғаны консервациялау туралы шешім қабылданғанға дейін бір жылдан аспайтын кезеңде басқа заңды тұлғаның Директорлар кеңесінің төрағасы, бірінші басшысы (атқарушы органның басшысы), басшысының орынбасары, бас бухгалтері болып табылған өткен бес жыл ішінде туралы мәлімет:

Жоқ

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесінің мүшелігіне кандидат туралы ақпарат

1. Тегі, аты, әкесінің аты
Қарабалин Ұзақбай Сүлейменұлы
2. Кандидатты ұсынатын акционердің атауы:
«Самұрық-Қазына» АҚ, кандидат «Самұрық-Қазына» АҚ мүдделер өкілі ретінде ұсынылады
3. Білімі туралы мәліметтер (оқу орнының атауы, бітірген күні, алған мамандығы, оның ішінде біліктілігін арттыру туралы):
 - *1965 – 1970 - И.М. Губкин атындағы Мәскеу Еңбек Қызыл ту ордені мұнай-химия және газ өнеркәсібі институты, Ресей Федерациясы, Мәскеу қ., мамандығы - Мұнай және газ кен орындарын игерудің технологиясы және кешенді механикаландыруы, тау-кен инженері біліктілігі берілді;*
 - *1985 жылғы 10 шілдедегі №082747 ТҒ ғылым кандидатының дипломы. Уфа мұнай институты жанындағы Кеңестің 1985 жылғы 21 наурыздағы шешімімен (№2 хаттама) техника ғылымдарының кандидаты дәрежесі беріледі;*
 - *Атырау Мұнай және газ институтының Ғылыми кеңесінің 2001 жылғы 31 тамыздағы №43 (№1 хаттама) шешімімен ҚС мұнай және газ ұңғымаларын бұрғылау кафедрасы бойынша академиялық профессордың аттестаты;*
 - *Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің 2010 жылғы 30 қыркүйектегі шешімімен (№6 хаттама) № 0001201 ҒҚ техника ғылымдарының докторы дипломы.*
4. «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-қа үлестестілігі туралы мәліметтер:
«Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 64-бабы 1-тармағының 3) тармақшасы негізінде «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ үлестес тұлғасы болып табылады, өйткені ол «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ лауазымды тұлғасы болып табылады.
5. Соңғы үш жылдағы жұмыс орындары және атқарған лауазымдары туралы мәліметтер:
 - *2014-2016 - Қазақстан Республикасының Энергетика Бірінші вице – министрі;*
 - *2013-2014 – Қазақстан Республикасының Мұнай және газ өнеркәсібі министрі;*
 - *2009-2013 – «Қазақ мұнай және газ институты» АҚ бас директоры;*
 - *2008-2009 – «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ бас директоры;*
 - *2003-2008 – «ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы» АҚ президенті.*
6. Кандидат ұсынылатын лауазым туралы мәліметтер:
«Самұрық-Қазына» АҚ мүдделер өкілі
7. Кандидаттың «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ үлестес тұлғаларымен қарым-қатынасы туралы мәліметтер:
Жоқ.
8. Заңда белгіленген тәртіппен өтелмеген/өтелген соттылығы немесе алынбаған/алынған соттылығы туралы мәліметтер (анықтама), сондай-ақ

кандидатты соттың меншікке, экономикалық қызмет саласында немесе коммерциялық немесе өзге де ұйымдарда қызмет мүдделеріне қарсы қылмыстар жасағаны үшін кінәлі деп тануы туралы мәліметтер және көрсетілген қылмыстарды жасағаны үшін Қазақстан Республикасының қылмыстық-процестік кодексіне сәйкес қылмыстық жауаптылықтан босату туралы мәліметтер:

Соттылығы жоқ

9. Директорлар кеңесіне ұсынуға кандидаттың келісімі туралы мәліметтер:

Келісемін

10. «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ акцияларын иеленуі:

Иеленбейді

11. Соңғы бес жылдағы басқа компаниялардың Директорлар кеңестеріндегі мүшелігі туралы мәліметтер:

- «Қазақ мұнай және газ институты» АҚ Директорлар кеңесінің тәуелсіз мүшесі (03.2016ж. бастап)

- «Атырау мұнай және газ университеті» АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы (05.2017-08.2021)

- 2022 - қазіргі уақытқа дейін – «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі.

12. Бұрын акцияларды мәжбүрлеп тарату немесе мәжбүрлеп сатып алу немесе белгіленген тәртіппен банкрот деп танылған басқа заңды тұлғаны консервациялау туралы шешім қабылданғанға дейін бір жылдан аспайтын кезеңде басқа заңды тұлғаның Директорлар кеңесінің төрағасы, бірінші басшысы (атқарушы органның басшысы), басшысының орынбасары, бас бухгалтері болып табылған өткен бес жыл ішінде туралы мәлімет:

Жоқ

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесінің мүшелігіне кандидат туралы ақпарат

1. Тегі, аты, әкесінің аты
Мырзағалиев Мағзұм Маратұлы
2. Кандидатты ұсынатын акционердің атауы:
«Самұрық-Қазына» АҚ, кандидат Қоғам Басқармасының төрағасы болып табылады
3. Білімі туралы мәліметтер (оқу орнының атауы, бітірген күні, алған мамандығы, оның ішінде біліктілігін арттыру туралы):
 - 1995 – 2000 – *«Тұран» университеті, Алматы қ., мамандығы – халықаралық экономика;*
 - 2000 – 2003 – *Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Дипломатиялық академия, Астана қ., халықаралық қатынастар саласындағы маман;*
 - 2010 – *«Ш. Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті» РМҚК, Ақтау қ., мұнай-газ ісі.*
4. «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-қа үлестестілігі туралы мәліметтер:
«Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 64-бабы 1-тармағының 3) тармақшасы негізінде «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ үлестес тұлғасы болып табылады, өйткені ол «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ лауазымды тұлғасы – «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқарма төрағасы болып табылады.
5. Соңғы үш жылдағы жұмыс орындары және атқарған лауазымдары туралы мәліметтер:
 - 2019 – 2021 – *«Қазақстан Республикасының экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі» ММ, Министр;*
 - 2021 – 2022 – *«Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігі» ММ, Министр;*
 - 2022 – *«Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі» ММ, Қазақстан Республикасы Президентінің кеңесшісі;*
 - 2022 - *қазіргі уақытқа дейін – «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқарма төрағасы.*
6. Кандидат ұсынылатын лауазым туралы мәліметтер:
«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі («ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ басқарма төрағасының лауазымына байланысты)
7. Кандидаттың «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ үлестес тұлғаларымен қарым-қатынасы туралы мәліметтер:
«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқарма төрағасының лауазымын атқарады.
8. Заңда белгіленген тәртіппен өтелмеген/өтелген соттылығы немесе алынбаған/алынған соттылығы туралы мәліметтер (анықтама), сондай-ақ кандидатты соттың меншікке, экономикалық қызмет саласында немесе коммерциялық немесе өзге де ұйымдарда қызмет мүдделеріне қарсы қылмыстар жасағаны үшін кінәлі деп тануы туралы мәліметтер және көрсетілген қылмыстарды жасағаны үшін Қазақстан Республикасының қылмыстық-процестік кодексіне сәйкес қылмыстық жауаптылықтан босату туралы мәліметтер:

Соттылығы жоқ

9. Директорлар кеңесіне ұсынуға кандидаттың келісімі туралы мәліметтер:

Келісемін

10. «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ акцияларын иеленуі:

Иеленбейді

11. Соңғы бес жылдағы басқа компаниялардың Директорлар кеңестеріндегі мүшелігі туралы мәліметтер:

- 2022 - қазіргі уақытқа дейін – «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі.

12. Бұрын акцияларды мәжбүрлеп тарату немесе мәжбүрлеп сатып алу немесе белгіленген тәртіппен банкрот деп танылған басқа заңды тұлғаны консервациялау туралы шешім қабылданғанға дейін бір жылдан аспайтын кезеңде басқа заңды тұлғаның Директорлар кеңесінің төрағасы, бірінші басшысы (атқарушы органның басшысы), басшысының орынбасары, бас бухгалтері болып табылған өткен бес жыл ішінде туралы мәлімет:

Жоқ

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесінің мүшелігіне кандидат туралы ақпарат

1. Тегі, аты, әкесінің аты
Отыншиев Елжас Мұратұлы
2. Кандидатты ұсынатын акционердің атауы:
«Самұрық-Қазына» АҚ, кандидат «Самұрық-Қазына» АҚ мүдделер өкілі ретінде ұсынылады
3. Білімі туралы мәліметтер (оқу орнының атауы, бітірген күні, алған мамандығы, оның ішінде біліктілігін арттыру туралы):
 - 2004-2008 - Мәскеу физика-техникалық институты, жалпы және қолданбалы физика факультеті, мамандығы: қолданбалы математика және физика (бакалавр).
 - 2008-2010 - Мәскеу физика-техникалық институты, жалпы және қолданбалы физика факультеті, мамандығы: қолданбалы математика және физика (магистр).
4. «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-қа үлестестілігі туралы мәліметтер:
«Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 64-бабы 1-тармағының 3) тармақшасы негізінде «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ үлестес тұлғасы болып табылады, өйткені ол «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ ірі акционері - «Самұрық-Қазына» АҚ лауазымды тұлғасы болып табылады.
5. Соңғы үш жылдағы жұмыс орындары және атқарған лауазымдары туралы мәліметтер:
 - 2019-2021 - «PlanetCare Management» ЖШС, лауазымы – Бас директордың инвестициялар және даму жөніндегі орынбасары;
 - 2021-2023 - “Kazakhstan Investment Development Fund (KIDF) Management Company” Ltd., лауазымы – Басқарма төрағасының орынбасары;
 - 2023 – қазіргі уақытқа дейін – «Самұрық-Қазына» АҚ, лауазымы – Стратегия және активтерді басқару жөніндегі тең басқарушы директор.
6. Кандидат ұсынылатын лауазым туралы мәліметтер:
«Самұрық-Қазына» АҚ мүдделер өкілі
7. Кандидаттың «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ үлестес тұлғаларымен қарым-қатынасы туралы мәліметтер:
Жоқ
8. Заңда белгіленген тәртіппен өтелмеген/өтелген соттылығы немесе алынбаған/алынған соттылығы туралы мәліметтер (анықтама), сондай-ақ кандидатты соттың меншікке, экономикалық қызмет саласында немесе коммерциялық немесе өзге де ұйымдарда қызмет мүдделеріне қарсы қылмыстар жасағаны үшін кінәлі деп тануы туралы мәліметтер және көрсетілген қылмыстарды жасағаны үшін Қазақстан Республикасының қылмыстық-процестік кодексіне сәйкес қылмыстық жауаптылықтан босату туралы мәліметтер:
Соттылығы жоқ
9. Директорлар кеңесіне ұсынуға кандидаттың келісімі туралы мәліметтер:
Келісемін

10. «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ акцияларын иеленуі:

Иеленбейді

11. Соңғы бес жылдағы басқа компаниялардың Директорлар кеңестеріндегі мүшелігі туралы мәліметтер:

- 2022 - қазіргі уақытқа дейін – «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі.

12. Бұрын акцияларды мәжбүрлеп тарату немесе мәжбүрлеп сатып алу немесе белгіленген тәртіппен банкрот деп танылған басқа заңды тұлғаны консервациялау туралы шешім қабылданғанға дейін бір жылдан аспайтын кезеңде басқа заңды тұлғаның Директорлар кеңесінің төрағасы, бірінші басшысы (атқарушы органның басшысы), басшысының орынбасары, бас бухгалтері болып табылған өткен бес жыл ішінде туралы мәлімет:

Жоқ

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесінің мүшелігіне кандидат туралы ақпарат

1. Тегі, аты, әкесінің аты

Мыңшәріпова Сая Найманбайқызы

2. Кандидатты ұсынатын акционердің атауы:

«Самұрық-Қазына» АҚ, кандидат тәуелсіз директор ретінде ұсынылады

3. Білімі туралы мәліметтер (оқу орнының атауы, бітірген күні, алған мамандығы, оның ішінде біліктілігін арттыру туралы):

- 1987 – 1992 - *Қазақ мемлекеттік экономикалық университеті, Алматы қ., мамандығы - Бухгалтерлік есеп және шаруашылық қызметті талдау;*

2008 – 2010 - *Ломоносов атындағы ММУ бизнестің жоғары мектебі, Мәскеу қ., Executive MBA.*

4. «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-қа үлестестілігі туралы мәліметтер:

Жоқ

5. Соңғы үш жылдағы жұмыс орындары және атқарған лауазымдары туралы мәліметтер:

- 2018 – *қазіргі уақытқа дейін - АХҚО әкімшілігі Салық саясаты департаментінің директоры, Астана қ.;*

- 2015-2018 – *«Қазақстан инжиниринг» ҰК АҚ Басқарма төрағасының орынбасары, Астана қ.;*

- 2008-2015 - *«Самұрық-Қазына» ҰӘҚ АҚ Аудит және бақылау департаментінің директоры, г. Астана қ.;*

- 2007-2008 - *«Даму» ШҚДҚ АҚ бас бухгалтері, Алматы қ.;*

- 2003-2007 - *«Ұлттық инновациялық қор» АҚ бас бухгалтері, Алматы қ.;*

- 1998-2003 - *«Аспан» пейджингтік компаниясының бас бухгалтері, Алматы қ.;*

- 1996-1998 - *«Марсат» аудиторлық компаниясы аудиторының ассистенті, Алматы қ.;*

- 1995-1996 - *«Астана» кедені бухгалтерлік бөлімінің бастығы, Алматы қ.;*

- 1994-1995 - *«Дала» телекомпаниясы АҚ бухгалтер-экономисі, Алматы қ.*

6. Кандидат ұсынылатын лауазым туралы мәліметтер:

Тәуелсіз директор

7. Кандидаттың «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ үлестес тұлғаларымен қарым-қатынасы туралы мәліметтер:

Жоқ

8. Заңда белгіленген тәртіппен өтелмеген/өтелген соттылығы немесе алынбаған/алынған соттылығы туралы мәліметтер (анықтама), сондай-ақ кандидатты соттың меншікке, экономикалық қызмет саласында немесе коммерциялық немесе өзге де ұйымдарда қызмет мүдделеріне қарсы қылмыстар жасағаны үшін кінәлі деп тануы туралы мәліметтер және көрсетілген қылмыстарды жасағаны үшін Қазақстан Республикасының қылмыстық-процестік кодексіне сәйкес қылмыстық жауаптылықтан босату туралы мәліметтер:

Соттылығы жоқ

9. «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесіне ұсынуға кандидаттың келісімі туралы мәліметтер:

Келісемін

10. «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ акцияларын иеленуі:

Иеленбейді.

11. Соңғы бес жылдағы басқа компаниялардың Директорлар кеңестеріндегі мүшелігі туралы мәліметтер:

- «*QazaqGaz*» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі;

- «*Samruk-Kazyna Construction*» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі.

12. Мәжбүрлеп тарату немесе акцияларды мәжбүрлі сатып алу немесе белгіленген тәртіппен банкрот деп танылған басқа заңды тұлғаны консервациялау туралы шешім қабылдаған күнге дейін бір жылдан аспайтын кезеңде басқа заңды тұлғаның бұрын Директорлар кеңесінің төрағасы, бірінші басшы (атқарушы органның басшысы), басшының орынбасары, бас бухгалтері болғаны туралы мәліметтер:

Жоқ

«Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамы
Басқармасының көзбе-көз отырысы
ХАТТАМАСЫНАН ҮЗІНДІ

Астана қ.

№37/23

2023 жылғы 27 шілде

«Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамының орналасқан жері (бұдан әрі – Қор, «Самұрық-Қазына» АҚ) (оның Басқармасының): Қазақстан Республикасы, Астана қаласы, Сығанақ көшесі, 17/10.

Қор Басқармасының (бұдан әрі – Басқарма) отырысын өткізу орны: Қазақстан Республикасы, Астана қаласы, Сығанақ көшесі, 17/10-үй, 25-ші қабат, конференц-залы.

Басқарма отырысы сағат 9.00-де басталды.

Шешім қабылдау үшін кворум бар.

Отырыстың күн тәртібі:

1. «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесінің құрамы туралы» «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ АКТЖ күн тәртібінің мәселесі бойынша Қордың ұстанымын айқындау туралы.

Күн тәртібіндегі **бірінші** мәселесі бойынша:

Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңының 36-бабының 1-тармағының 5) тармақшасына және Қазақстан Республикасы «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңының 55-бабының 3-тармағына, Қазақстан Республикасының «Ұлттық әл-ауқат қоры туралы» Заңының 2-тармағының 3) тармақшасына және 10-бабының 3-тармағына, «Самұрық-Қазына» АҚ Жарғысының 73-тармағының 3) тармақшасы және 74-тармағына, «Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасының 2009 жылғы 1 маусымдағы шешімімен бекітілген (№ 59/09 хаттама), «Самұрық-Қазына» АҚ акционері, қатысушысы болып табылатын немесе мүліктегі үлеске құқығы бар, шешімді «Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасы немесе Басқарма төрағасы қабылдайтын, Қазақстан Республикасының заңнамасына және (немесе) жарғыға сәйкес акционерлердің (қатысушылардың) жалпы жиналысының немесе өзге де жоғары органының құзыретіне жататын Қоғамның немесе өзге де заңды тұлғаның қызметіне қатысты мәселелердің тізбесінің 1.1-тармағының 14) тармақшасына, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Жарғысы 12-бабының 98-тармағының 10) тармақшасына және 13-бабының 113-тармағына, 2015 жылғы 12 қазандағы «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі» РМУ мен «Самұрық-Қазына»

АҚ арасында жасалған «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-ның акцияларын сенімгерлік басқаруға беру туралы №529-и шартына сәйкес, Басқарма былай деп **ШЕШТІ**:

1. 2023 жылғы 14 тамызға жоспарланған «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысының күн тәртібі мәселесі бойынша «Самұрық-Қазына» АҚ-ның келесі ұстанымы анықталсын:

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысының (және өтпеген жиналыстың орнына «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ акционерлерінің қайталама кезектен тыс жалпы жиналысы өткізілген жағдайда) күн тәртібіндегі ««ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесінің құрамы туралы» мәселе бойынша ұсынылған шешімге «ҚОЛДАДЫ» дауыс беру:

1.1. «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесі мынадай құрамдағы 8 (сегіз) адам санында сайласын:

Бердіғұлов Ернат Құдайбергенұлы – «Самұрық-Қазына» АҚ мүдделер өкілі;

Отыншиев Елжас Мұратұлы – «Самұрық-Қазына» АҚ мүдделерін білдіруші;

Қарабалин Ұзақбай Сүлейменұлы – «Самұрық-Қазына» АҚ мүдделерін білдіруші;

Мырзағалиев Мағзұм Маратұлы – «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқарма төрағасы;

Жұбаев Арманбай Сапарбайұлы – тәуелсіз директор;

Арғынғазин Арман Әнуарбекұлы – тәуелсіз директор;

Холланд Филип – тәуелсіз директор;

Мыңшәріпова Сая Найманбайқызы – тәуелсіз директор.

1.2. Бердіғұлов Ернат Құдайбергенұлы «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы болып сайлансын.

1.3. «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесінің өкілеттік мерзімі осы шешім қабылданған күннен бастап 3 (үш) жылға белгіленсін.

1.4. Осы шешімге қосымшаға сәйкес «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесінің сайланатын мүшелеріне төленетін сыйақы және шығыстарын өтеу мөлшері мен шарттары айқындалсын.

3. «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы Бердіғұлов Ернат Құдайбергенұлы белгіленген тәртіппен осы шешімнен туындайтын қажетті шараларды қабылдасын.

4. «Самұрық-Қазына» АҚ Корпоративтік басқару, әлеуметтік және еңбек қатынастары және еңбекті қорғау жөніндегі басқарушы директоры Ауғанов Гибрат Қайратұлы белгіленген тәртіппен осы шешімнен туындайтын қажетті шараларды қабылдасын.

Басқарма хатшысы

Д. Шуженов